



ҚР Ақпарат және қоғамдық даму  
министрлігі



«Педагогикалық Ғылымдар  
Академиясы» ҚБ



CISC  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЛМАТЫ АӨБЛЕТІ

"Азаматтық бастамаларды қолдау  
орталығы" КЕАҚ

БЕКІТІЛДІ  
Басқарма бұйрығы  
«Педагогикалық Ғылымдар Академиясы»  
А. Құсайынов  
« 4 » ж.

## "Күй құдіреті" Республикалық жас күйшілер конкурсының ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Тұжырымдама Жас күйшілер мен күй өнеріне қызығушы еліміздің барлық аймақтарында тұратын 16-29 жас аралығындағы жастардың басқа да санаттары арасында "Күй құдіреті" республикалық конкурсын (бұдан әрі – конкурс) өткізудің тәртібін реттейді

**Жоба міндеттері:** 16-29 жас аралығындағы жастарды ынталандыру; күй өнері мен тарихын насихаттау; жас өнерпаздардың шығармашылық әлеуетін қолдау және дамыту; жас күйшілер мен шығармашылық топтардың жаңа есімдерін анықтау.

Күй-казак халқының рухани болмысының, мәдениетінің, дүниетанымының тұғыры биік асыл мұрасы. Халық күйлерінің әуендік сипаты, көркемдік образы, философиялық ой тереңдігі, халықтың талғамы мен танымының ерекшелігін көрсетеді. Осыған орай, күй арқылы жастардың бойында тарихына, тіліне, мәдениетіне деген құрмет пен сүйіспеншілік сезімін орнықтыру - **байқаудың басты мақсаты.**

### **Конкурс міндеттері:**

- жастарды рухани байыту және мемлекеттік тілді танымал ету;
- 16-29 жас аралығындағы жастарды ынталандыру;
- жастар арасында қазақтың күй өнерін насихаттау;
- өнерге қызығушы жастардың шығармашылық әлеуетін қолдау және дамыту;
- жас өнертанушылар мен күйшілерден құралған топтардың жаңа есімдерін анықтау, олардың шығармашылығын қолдау;
- жастардың шығармашылық ізденісін арттыруға жәрдемдесу.
- Ұлттық сана, ұлтты сүю, қадірлеу бабаларымыз аманат етіп кеткен дәстүрден, өнерден бастау алатынын ұмыттырмай, қасиетті өнеріміздің бір тармағы, құдыреттісі – күй өнерін насихаттау.

*Байқау шарттары:*

- Құрамы 5 адамнан тұратын топ болу;

- Қазақстан Республикасының 17 облысы мен Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары тегіс қатыса алады.

- Алматы қаласындағы эпидемиялық ахуалға байланысты Алматыдан шалғай орналасқан басқа облыстар үшін, байқауға онлайн (видео түсіріп жіберу арқылы) қатысу мүмкіндігі қарастырылған.

Байқау нәтижесінде үздік танылған жеңімпаздар ақшалай сертификатпен марапатталады:

1 орын - 300 мың теңге

2 орын - 200 мың теңге

3 орын - 100 мың теңге

Байқау бағдарламасына енгізу үшін, 2022 жылдың 8 шілдесіне дейін топ жетекшісі мен мүшелерінің аты-жөні, жасы, орындайтын шығарма аты көрсетілген мәліметті ұйымдастыру алқасына (Microsoft Office Word (2003, 2007) арқылы терілген файлмен жіберу қажет. Файлдың атауына қатысушы топтың жетекшісінің автордың аты-жөні жазылуы қажет (Мысалы: Sadykova Ainur\_baiqau).

**Конкурсты ұйымдастырушылар** – «Педагогикалық Ғылымдар Академиясы» ҚБ, Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің тапсырысы бойынша және «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ қолдауымен жүзеге асырылатын «Жастар арасында мемлекеттік тілді кеңінен танымал ету жөнінде іс-шаралар өткізу» әлеуметтік жобасын үйлестірушілер.

Байқау қорытындысы 2022 жылдың 11 шілде Алматы қаласында шығарылады.